

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 37-ө өкімі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкімге 2-қосымшада:

Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы";

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі";

"БАСФ басқарушы директоры (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан бойынша Азия даму банкінің директоры (келісім бойынша)".

*Премьер-Министр*

*Ә. Смайылов*